

**Тәкей Есетов атындағы № 264 мектеп-лицей жанындағы қосымша  
білім беру орталығы «Жас домбырашылар» үйірмесінің жетекшісі  
Нарманова сәуленің 2024-2025 оқу жылындағы  
үшінші тоқсандық анықтама есебі**

«Жас домбырашылар» үйірме мүшелері үшінші тоқсан барысында да жоспар бойынша оқу- тәрбие жұмыстарына белсене араласа білді.

Тоқсан барысында оқушылар, домбыра аспабында еркін отырып, оң және сол қол саусақтарының дұрыс орналасуын, қағыстарды еркін қағуды үйренді. Сонымен қатар «Жастар биі», «Нәр ағашы», «Салкүрең», «Той бастар» күйлерін жетік меңгеріп, ансамбльмен бірге қосылып сахнада еркін ойнай білуді үйренді. Сонымен қатар тәрбиелік іс - шараларда белсенділік танытып, биіктерден көріне білді.

01.03.2025ж. «Алғыс айту» күніне орай ата-аналар мен ұжымдастарға ұйымдастырылған қосымша білім беру орталығының «Ашық есік» күніне арналған концерттік бағдарламасында үйірме мүшелері белсене атсалысты. Концерт барысында ансамбль мүшелері халық күйі «Нәр ағашы», «Салкүрең», «Келіншек», «Адай» күйлерін орындап, өз өнерлерін көрсетті,

03.03.2025ж. М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғарғы колледжінің «Өнер» бөлімінің «Заманауи музыка мұғалімі: кәсіби дайындық, шығармашылық ізденіс» тақырыбы аясында апталықтың ашылуында «Жас домбырашылар» ансамблі Құрманғазының «Балбырауын» күйін орындап, көрерменнің ықыласына бөленді.

07.03.2025ж. «Күй күмбірі» атты челленджіне үйірме мүшелері атсалысып, өзге оқу орындарына жолдады.

14.03.2025ж. «Көрісу күні – Амал күні» мерекесіне орай қалалық Ардагерлер үйінде «Жаңа өмір, жаңа жыл, жаңа күнмен көрісу» тақырыбында ардагерлерді құттықтау шарасында үйірме мүшелері белсене атсалысты.

17.03.2025ж. Мәдениет және Ұлттық салт-дәстүр күні Қызылорда облыстық мемлекеттік архивтің ұйымдастыруымен өткен «Наурыз мейрамы – салт – дәстүрлер салтанаты» іс-шарасы.

18.03.2025ж. Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Жақсылық жаса – балаға» тақырыбында қайырымдылық акциясы.

19 наурыз күні үйірмелер арасында «Наурыз – жыл басы» мерекелік шарасы ұйымдастырылды.

«Жас домбырашылар» үйірмесінің жетекшісі:



Нарманова С